

Қызыләскер ауылдық округі Черноє ауылының Абай көшесінде шектеу іс-шараларын енгізе отырып ветеринариялық режим белгілеу туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Лебяжі ауданы Қызыләскер ауылдық округі әкімінің 2013 жылғы 8 мамырдағы N 1 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 17 мамырда N 3537 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Лебяжі ауданы Қызыләскер ауылдық округі әкімінің 2013 жылғы 20 тамыздағы № 2 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Лебяжі ауданы Қызыләскер ауылдық округі әкімінің 20.08.2013 № 2 шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1-бабына сәйкес, Лебяжі ауданының мемлекеттік бас ветеринариялық инспекторының ұсынысы негізінде Қызыләскер ауылдық округі әкімі **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Малдардың құтыру ауруының анықталуына байланысты Қызыләскер ауылдық округінің Черноє ауылындағы Абай көшесінде шектеу іс-шараларын енгізе отырып, ветеринариялық режим белгіленсін.
2. Осы шешімнің орындалуын өзім бақылаймын.
3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енеді.

Қызыләскер ауылдық округінің әкімі

Б. Пұсырханов

КЕЛІСІЛДІ

"Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі ветеринариялық бақылау және қадағалау Комитетінің Лебяжі аудандық аумақтық инспекциясы"

Г. Сагалов